

Цифры означают количество сделанных группой выборов. Интерпретация результатов пока не формализована (ее опускаем), но это не мешает обнаружить тенденцию в восприятии студентов. Заметим, что объектами (нишами) могут быть студии, места прохождения практики, студенческий театр, университетский хор, вузовское дополнительное образование, а так же дисциплины курса и многое другое.

Работа по преобразованию среды требует знания не только ниш как параметра возможного в среде, но еще и стихий, под которыми понимается определенная форма движения материи, представленная движущейся массой любой субстанции, способной менять все на своем пути, и выступать параметром вероятного. К этому следует добавить знание посредников – индивидуумов, меченных теми или иными стихиями и нишами, готовых и способных совершенствовать качество среды.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Среда в образовании: концепции и практика: материалы международной заочной научно-практической конференции (15 апреля 2012 г.) / отв. ред. Ю. С. Мануйлов. – РНПЦ «Костанай дарыны»; Центр научных инвестиций, Нижний Новгород, 2012. – 295 с.

2 Стихии, стихийность и стихийальность в образовании: сборник научных статей / под ред.: Ю. С. Мануйлова (отв. ред.), И. И. Сулима, Е. В. Орлова, Е. М. Кузьминой. – Москва; Н. Новгород, 2007. – 147 с.

3 Мануйлов Ю. С. Средовой подход в воспитании. – Изд. второе, перераб. – М.; Н.Новгород: Изд-во Волго-Вятской академии государственной службы, 2002. –157 с.

ЖАҢАНДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРГЕ МЕДИАБІЛІМ БЕРУДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МӘНІ ЖӘНЕ МАЗМҰНЫ

Сейітқазы П.Б.,

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан

Ақпараттық заманда педагогикалық теория мен практикада білім берудің ерекше бір бағыты ретінде болашақ мамандардың көпшілік коммуникация заңдылықтарын оқуын қолдайтын, сондай-ақ қазіргі бұқаралық коммуникация құралдарын меңгеру мақсатында теориялық білім мен практикалық іскерліктерге үйретуді көздейтін «Медиабілім» бағыты пайда болды.

Медиа (латын тілінен аударғанда «media», «medium» – құрал) – терминін ХХ ғасырда Канадалық әлеуметтанушы М.Маклюэн «бұқаралық мәдениет» феноменін түсіндіру мақсатында ғылымға енгізді. ХХ ғасырдың 60-жылдарында жетекші мемлекеттердің педагогикалық ғылымында оқушылар мен студенттерге медиамәдениет әлеміне бейімделуге, бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалануға және медиамағлұматтарды дұрыс талдай білуге үйрететін «медиабілім» (media education) бағыты пайда болды. Себебі, жаһандану үрдісінде адамдардың қарым-қатынасының бір түрі болып табылатын медиа, яғни бұқаралық коммуникация құралдарының атқаратын ролі ерекше. «Бұқаралық ақпараттық үрдістер», «бұқаралық ақпараттар» т.б. түсініктер «бұқаралық коммуникация» түсінігінің синонимі болып табылады. Бұқаралық коммуникацияның, үлкен әлеуметтік топтардың мүддесін қорғайтын белгілі әлеуметтік бағыты бар. Бұл олардың тіршілігінің факторы болып табылады. Бұқаралық коммуникацияның негізгі функциялары – қоғамдық қарым-қатынастарды сүйемелдеу және нығайту, басқарушы топтардың идеологиясын бекіту, әлеуметтік реттеу және басқару, ғылыми білімдер мен мәдениетті тарату, ойын-сауықтарды ұйымдастыру т.б.

БАҚ жоғарыдан төменге (әлеуметтік басқару топтарынан, қоғамның басқа әлеуметтік топтарына қарай); төменнен жоғарыға (халықтың әртүрлі жіктерінен басқару топтарына қарай); көлденеңіне (әлеуметтік топтардың бір-бірі туралы ақпараты) қарай жүреді. Әртүрлі әлеуметтік топтардың тіршілігі жайлы ақпаратты тарата отырып, БАҚ қоғамның әртүрлі

топтарының бір-бірі туралы әлеуметтік көзқарастары мен стереотиптерінің қалыптасуында үлкен роль атқарады. Бүкіл қоғам мен жеке әлеуметтік топтардың және адамдардың қажеттілігінің негізінде құрылған, бұқаралық коммуникацияның әлеуметтік-психологиялық функцияларын топтастыру негізіне адамның қоғамға, топқа, өз-өзіне деген қарым-қатынасы кіруі мүмкін. Соған байланысты, төмендегідей функцияларды бөледі: әлеуметтік бағдарлау (индивид – қоғам), аффиляция (индивид – топ), басқа адамдар мен байланысқа түсу (индивид – басқа адам); өзін-өзі бекіту (индивид – оның өзі), эмоцияналдық бәсеңдету функциялары. Енді бұқаралық ақпарат құралдарының аталған функцияларына жеке-жеке тоқталатын болсақ, ол төмендегідей мәселелерді ашуға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік бағдарлау функциясы қоғамға бейімделуге бағдар жасау үшін қажетті ақпаратқа сүйенеді. Бұқаралық коммуникация құралдарынан алынатын, әлеуметтік көріністер мен топтар жайлы ақпараттар, жеке адамның қоғамның әлеуметтік тәжірибесін түсінуін, оның өзінің бағасына және бағдарына байланысты өзгертуі сияқты қоғамдану үрдістерін жеңілдетеді.

Аффиляция функциясында адамның белгілі бір топтардың қатарына кіргенде әсіресе қорғанушылығы мен сенімділігін көтеретін референтті топтардың мүшесі бола алуы сезіміне қажеттілігі бар. Әлеуметтік бағдармен және құнды бағыттармен анықталатын мұндай таңдаулар үшін бұқаралық коммуникация шектеусіз мүмкіншіліктерді ұсынады. Соның ішінде идентификация механизімін пайдалану, былайша айтқанда, осы топтың мүшелерімен өзін-өзі қанағаттандыру өнімдірек болып табылады.

Бұқаралық коммуникацияның байланысқа түсу функциясы адамға өзін көрсете білуге, нығайтуға, дербестенуге мүмкіншілік беретін, басқа адамдармен қарым-қатынас жасауға қажеттілігімен белгіленеді. Адамның басқа адамдармен қарым-қатынас жасағанда өзін-өзі көрсете алу мүмкіншілігі болмаса, өзінің қажетсіздігін және қарым-қатынас жасау жұтаңдығын сезінсе, осы функция жиі көрініс береді. Бұл функция балалардың өз қатарластарымен қарым-қатынас жасауда белгілі дәрежеде орын алады, яғни олармен тіл табысуда өзінің сенімсіздіктерін жоюға әсер етеді.

Ал өзін-өзі бекіту функциясы адамның өз құндылықтарын, ойлары мен көзқарастарын дәлелдейтін ақпараттар алғанында көрініс табады. Мұндай жағдайларда түйісу психологиялық қолдау қызметін атқарады, өзінің бағдарын және құнды бағыттарын нығайтуға әсер етеді, өзінің дұрыстығын және сенімділігін сезінуге ықпалы жоғары.

Эмоционалдық бәсеңдету функциясы «рұқсаттық» эмоционалдық мүмкіншіліктерін кеңейте отырып, тұлғаның диапазонының өзгеруіне көмектесетін ойын-сауық бағдарламаларына қосылу арқылы, алаңдату және басқа нәрселерге ауысу факторларының ролін атқаратын басылымдар мен мәліметтерге қосылу арқылы жүзеге асады.

Сондай-ақ, ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде адам өмірінде, әсіресе жасөспірімдердің қалыптасуы мен дамуында бүгінгі күні басты орынды алатын БАҚ-тың атқаратын негізгі функциялары, яғни қызметтері көрсетіліп, олар әртүрлі топтастырылып жүр. Атап айтқанда, қазіргі кезде БАҚ-тың ақпараттық, білім берушілік, сын және бақылау, қоғамдық қажеттіліктерді артикуляциялау (сөйлеу органдарының жұмысы) сияқты функциялары жиі айтылады /1/. БАҚ жеке тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің ақпараттық қажеттіліктерін қанағаттандырады дегенді негізге алған В.Д.Сошников бұқаралық ақпарат құралдары функцияларын жүйелей отырып, оның ішінде электронды бұқаралық ақпарат құралдарының, яғни теледидардың төмендегідей функцияларын бөліп қарайды: ақпараттық, мәдени-ағартушылық, интегративті (қалпына келтіру, толықтыру) коммуникативті, әлеуметтік-педагогикалық, ұйымдастырушылық, білім берушілік, рекреативті. Ал зерттеуші, Н.В. Махова бұқаралық ақпарат құралдарының әлеуметтік институт ретінде төмендегідей функцияларды атқаратынын көрсетеді: идеологиялық және саяси ықпалдылық функция, әлеуметтік қоғамды қолдау, ұйымдастырушылық, ақпарат беру, білім беру, көңіл көтеру, сонымен қатар, аудитория қалыбын өзгерту немесе қолдау, олардың сеніміне кіру, қандай да бір әрекетті қабылдау немесе керісінше жоққа шығаруда ішкі дайындықты қалыптастыру, ақпараттан белгілі бір мағынаны бөліп ала білу

функциялары. Яғни, бұқаралық ақпарат құралдары бір өзі бірнеше аса маңызды функцияларды атқара отырып, адамзатқа қызмет етуде /2/. Біз жоғарыда аталған ғалымдардың бұқаралық ақпарат құралдарының негізгі функцияларын топтастыруын есепке ала отырып, өзіміздің жалпы топтастыруымызды жасадық. Негізінен алғанда біздің зерттеуіміз бойынша педагогикалық үрдістегі функциялар бізге біршама жақын болып келеді. Педагогикалық үрдістегі функция – педагогикалық процеске арнайы ұйымдастырылған және мақсатты түрде пайда болып өмір сүріп келе жатқан орын, роль дегенді білдіреді. Педагогикалық процестегі функциялар білім берушілік (білім, іскерлік, дағдыны, мәдени құндылықтар жүйесін беру арқылы), тәрбиелеушілік (тәрбие мен оқыту үрдісіндегі құндылық бағыттар мен қарым-қатынастар жүйесін қалыптастыру кезінде байқалады), дамытушылық (тұлғаның танымдық психикалық үрдісінде дамуы мен қалыптасуын, логикалық әдістердің, операциялардың, талдау-талқылау, ойтоқтамының, танымдық белсенділігінің, қызығушылықтарын, қабілеттерін көрсетеді), әлеуметтендіруші (бірлескен іс-тәжірибені меңгерумен, қоғамдық қатынастар мен әлеуметтік тұрғыдан ыңғайлы мінез-құлықты иеленумен көрінеді. Бұқаралық ақпарат құралдарының адамдардың, әсіресе жасөспірімдердің тәрбие үрдісінде атқаратын функцияларының қай-қайсы да білім берушілік, тәрбиелеушілік, дамытушылық, әлеуметтендірушілік міндеттерді жүзеге асыратыны сөзсіз. Аталған функцияларды жүзеге асыра отырып, олар білім беру жүйесінде айтарлықтай үлкен роль атқарады. Жалпы бұқаралық ақпарат құралдарының әрбір функциясы білім мен тәрбие беру үрдісінде жас өспірімдерді қажетті ақпараттарды беру арқылы олардың қалыптасып, дамуында өзіндік үлес қосып отырғандығы анық. Бір ғана ақпараттық функциясы арқылы жасөспірімдердің күнделікті ақпарат алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыруда мейлінше жоғары рейтингіні алып отырғандығы белгілі.

БАҚ функцияларына тоқталғанда ерекше атап өтетін мәселе, ол бұқаралық ақпарат құралдарының ішінде теледидардың бір өзі ғана адам өмірінде бірнеше функцияларды атқаруға толық мүмкіндігі бар екендігі және ол функциялардың саны барған сайын арта түсуде. Сондықтан, тәрбие жұмысын ұйымдастыруда бұл функциялардың қызметі міндетті түрде ескеріліп отыруы және тиісті дәрежеде пайдаланылуы қажет. Бұқаралық ақпарат құралдарының бір ғана насихат құралы ретіндегі қызметінің өзі тәрбие үрдісіндегі көптеген іс-шараларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Ал олардың белгілі дәрежеде жасөспірімдердің білімін жетілдіру, толықтыру тәрізді маңызды мәселелерді шешуде орны тіпті ерекше. Яғни өздігінен білім алуға, өзін-өзі тәрбиелеуге жағдай туғызатын функциясының маңызы адам үшін өте жоғары болып табылады деп есептейміз. Сонымен қатар, жоғарыда аталған ғалымдардың зерттеу жұмыстарына талдау жүргізу нәтижесінде анықталғанындай бұқаралық ақпарат құралдарының жасөспірімдер өмірінде атқаратын жалпы функцияларымен қатар, нақты балалар өмірінде атқаратын біршама негізгі функциялары бар екендігіне көз жеткіздік. Атап айтқанда,

- ақпараттық (хабар беру) функция;
- рекреативті(көңіл көтерушілік) функция;
- релаксациялық функция;
- коммуникативті;
- әлеуметтік-педагогикалық және т.б.

Жастар мен жасөспірімдердің өздігінен білім алып, өзін-өзі тәрбиелеуінде БАҚ-тың барлық түрлері қатысады, өйткені ақпараттық заманда, адамның бұқаралық ақпарат құралдары арқылы өздігінен білім алуына мүмкіндігі өте жоғары, әсіресе қазіргі жағдайда.

БАҚ рекреативті функциясы арқылы адамдардың бос уақытын, яғни демалысын тиімді ұйымдастыруға, мәдениетті демалуына көмектеседі. Олай болса, бұқаралық ақпарат құралдарын демалыс кезінде пайдалану адамдарды күнделікті тіршіліктің міндеттерінен, проблемаларынан шамалы уақытқа болса да көңілінің аулануына жағдай туғызатын болса, ал балалардың сабақтан және мектептен тыс уақытын, демалыс күндерін тиімді пайдалануға, өзіне қажетті ақпараттарды алуда өзіндік үлес қосады.

БАҚ-тың релаксациялық функциясының атқаратын ролі адам үшін, әсіресе балалар үшін тіпті де ерекше. Өйткені, бұқаралық ақпарат құралдарының осы функциясының қызметі арқасында жасөспірімдерді әртүрлі эмоционалдық жағдайда кездесетін орынсыз әрекеттерден сақтап қалу мүмкіндігі жоғары. Мысалы, балалар кей кездері өзінің достарымен немесе араласатын балалармен тіл табыса алмай қалған сәттерде уақытының көп бөлігін теледидар көріп, газет-журнал оқуға жұмсаса, көңіл-күйінің дұрысталуына көмектеседі екен. Нәтижесінде реніш, ыза-өкпенің тарқауына септігін тигізеді де жас жеткіншектердің эмоционалды жағдайда жасауы мүмкін әрекеттерден сақтануына жағдай жасайды. Релаксация (лат. *relaxatio* – күш салудың кемуі) – қатты қобалжудың немесе күшке түскен әрекеттен кейін субъектінің босаңсып әлсіреген, тыныштанған күйі. Релаксацияның үш түрі кездеседі, соның бірі адамның эмоциялық деңгейі (әсіресе, дабыл, қорқыныш, ашу, ыза және т.б. сияқты теріс қысанның салдарынан күш қуаттың әлсіреуі деп қарастырылса) екінші жағдайда теріс эмоциялы күйді қоздыруға қолданылатын процесс деп бағалайды. Демек, адамдардың, әсіресе балалардың көңіл-күйіне оң әсер етуде бұқаралық ақпарат құралдарының релаксациялық функциясының мүмкіндіктерін пайдалану өте маңызды.

Ал бұқаралық ақпарат құралдарының ішінде теледидардың интегративті (шоғырландырушы, бірлестіруші) функциясында хабар таратудың барлық бөлімдерін (публицистика, өнер, спорт, көңіл көтеру) қамти отырып, ол басқа функцияларға: ақпараттық, мәдени-ағартушылық, ұйымдастырушылық, білім берушілік тағы басқаларымен үйлесімділікте қызмет етеді. Теледидардың интегративтік функциясын нақты жүзеге асыру үшін, ең бастысы қоғамның мұқтаждығын анықтай отырып материалдар берумен тікелей байланысты.

Теледидардың әлеуметтік-педагогикалық немесе басқару функциясы интегративтік және ақпараттық функциялармен тығыз байланысты. Ақпаратты кімнің таратқанына қарамастан, ол әрқашанда әділетті, және тәуелсіз болуы шарт. Әлеуметтік-педагогикалық міндетте журналист, біріншіден, өзіне нақты психологияны, әдеттерді, адамның құндылық жүйесін елестете білуді көздейді. Екіншіден, адамдардың қоғамға деген оң көзқарасын қалыптастыруды мақсат етеді. Әлеуметтік-педагогикалық қызметті сауатты ұйымдастыра алуы үшін, журналистерден әлеуметтану айналасындағы білімді игеру талап етіледі, демек, түрлі әлеуметтік топтардың мұқтаждықтарын анықтау арқылы солардың айналасында жұмыстар жүргізу бұл функцияның маңызын көтере түседі.

Қазіргі балалар бұқаралық коммуникация құралдарының әсерін ерте сезіне бастайды. Балаларға әсер етуі жағынан бірінші орынды электрондық құралдар алады: кино, теледидар, видео. Қазіргі кезде олар басылым құралдарын біршама ығыстырып тастады. Сондай-ақ бүгінгі таңда психологтар, біздің өмірімізде компьютердің пайда болуына байланысты, жаңа заманғы мектеп оқушыларының психикасында өзгерістер болуда деген пікірлерді жиі айтуда. Тіпті «компьютерлік психология» деген термин пайда болды. Балалардың мінез-құлқының өзгеруіне интернеттегі әртүрлі ақпараттардың әсері жоғары болып отыр. Сондай-ақ әртүрлі шетелдік бағдарламаларды көруге мүмкіндік болғандықтан олар өздеріне қажетті болып табылмайтын ақпараттарды да алуға барлық жағдай жасалып отыр.

Осы мәселе жайында ҚР ҰҒА академигі А.П. Сейтешев: «Снижается роль моральных норм и критериев, идет ломка сложившихся нравственных ценностей, обесценивание человеческой жизни, рост преступности, сиротства, сексуального насилия, резкое материальное расслоение граждан. Во многом это обусловлено «криминализацией» и «эротизацией» средств массовой информации, художественной литературы» /3/ деген пікірін білдірген. А.П. Сейтешевтың пікіріне сүйенсек, соңғы кездердегі жастар арасындағы келеңсіздіктердің туындауына әртүрлі мақсатты көздеген бұқаралық ақпарат құралдарының да ықпалы жоғары болып отыр.

Осындай күрделі мәселе бойынша, академик Б. Момынбаев тәуелсіздігімізді нығайту мақсатында отанға деген сүйіспеншілік, яғни патриоттық тәрбие алдыңғы қатарға шығатынын, жас ұрпақты отаншылдыққа тәрбиелеу мемлекеттік маңызды мәселе екенін нақтылай отырып, «...Осы тұрғыдан келгенде, қоғамдық сананы қалыптастыруда, әсіресе жас ұрпақ

тәрбиесінде БАҚ-тың жетекші орынға шығып отырғаны өмір шындығы. Солай бола тұра, бүгінгі таңда қазақстандық БАҚ жүйесіндегі еркіндіктің бассыздыққа ұласып бара жатқаны айырықша аландатады» деп қазіргі кездегі аса күрделі де маңызды мәселе бойынша өзінің көзқарастарын білдірген. Ғалымның қазақ жерінде қазақстандық БАҚ-тан гөрі шетелдік БАҚ-тың пайыздық көрсеткіші жоғары болып отырғаны туралы берген мәліметі де негізсіз емес. Өйткені, ғаламдану заманындағы мүмкіндіктерге орай елімізде шетелдік ақпарат құралдарының көбейіп отырғандығы шындық. Сондай-ақ, автордың отаншылдық сияқты киелі мәселе жайындағы келелі ойлары, атап айтқанда: «Біздің ойымызша, БАҚ-тың ең киелі міндеті ақпараттық-ағартушылық ұстаным болуға тиіс. Бұл ретте, БАҚ-тың ролі бүгінгі таңда бірінші орында тұрғанын социологтар бір ауыздан мойындайды. Демек, Қазақстан БАҚ-ғы ұрпақты аздыратын, ұлтты тоздыратын кейбір бейбастықты ауыздықтау проблемасы әбден шегіне жеткенін терең сезінуіміз керек» деген тұжырымды пікірі құптарлық /4/. Яғни қазіргі кезде ақпарат құралдарының үлкен мүмкіндіктері қажеттілігіне қарай пайдаланылмай отыр, керісінше оның теріс әрекеттеріне жол беріліп отырғандығын байқауға болады. Ондай жағдайды біз күнделікті теледидардағы әртүрлі бағдарламалардан, әсіресе мемлекеттік емес арналардан, басылымдардан кездестіріп отырмыз. Демек, жасөспірімдердің дүниетанымын қалыптастыруда, оларды жан-жақты тәрбиелеуде, сонымен қатар қоғамның жалпы дамуында өзіндік орны бар бұқаралық ақпарат құралдарының мүмкіндіктері бүгінгі күннің өзінде әлі де болса орнымен және толыққанды пайдаланылмай отыр. Мұндай проблемалардың туындап отырғандығы мемлекет тарапынан оған көңіл бөлуді қажет ететіндігі сөзсіз.

Бұл мәселені зерттеп жүрген ғалымдардың пікіріне сүйенсек, ақпарат құралдарын тиімді пайдалана алмаған балалар оның ықпалында қалады екен (А.А. Журиң, Е.С. Полат, Л.С. Зазнобина). Зерттеу жұмыстарының нәтижелерінде БАҚ өнімін дұрыс пайдалана алмаған баланың БАҚ-на қатысты ұстанымы әлсіз болатындығы, олардың ықпалынан қалай сақтануды және көп жағдайда ондай сақтанудың қажеттілігін сезіне білмейтіндігі, ақпараттағы берілген қандайда мәселелердің барлығын сол күйінде қабылдап, оны терең талдауға әлеуеті жете бермейтіндігі көрсетілген /5/.

Бұл келтірілген дәйекті пікірлерден жасалатын тұжырым, балаларды БАҚ өнімін дұрыс пайдалана алуға міндетті түрде тәрбиелеу керек, бұл шараны жүзеге асыру жауапкершілігі жеткіншектерге тәрбие беруде ең басты және оларды өмірге бейімдеудегі негізгі тұлға болып табылатын мұғалімдерге жүктеледі деген түйін жасауға болады.

Өйткені, бала басылымдарды пайдалануды игере бастаған кезде, үлкендерге арналған БАҚ материалдары айрықша ықпал етіп, оған жасөспірімнің қызығушылығы арта бастаған тұста, БАҚ-тың тұлғаны әлеуметтенуіндегі ролі кеңейе түседі. Бұқаралық ақпарат құралдары жасөспірім тарапынан қабылдануына орай оған дамудың әртүрлі бағдарын ұсынуы мүмкін. Басқалай айтқанда, ол баланың кішкентай кезінде алған тәрбиесіне тікелей байланысты болмақ.

Жеке тұлғаны дамытудағы басты мақсат – адамның өз қарымы мен қабілетін, өзін таныту және жеке қасиетін ашуды мейлінше толыққанды жүзеге асыру мүмкіндігі. Алайда, бұл қасиеттерді басқа адамдардың қатысуынсыз қалыптастыру қиын. Бұл жағдайда басты тұлға мұғалім екені сөзсіз, демек болашақ мұғалімдер қоғамның қазіргі талаптарына сәйкес медианың мүмкіндіктерін тиімді пайдалана білуге үйретілуі тиіс. Қазақстанның жоғары оқу орындарында кейінгі кезде ғана аталған мәселеге көңіл бөліне бастады. Мысалы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде бірнеше жылдан бері педагогикалық бағыттағы болашақ мамандарға «Медиабілім» және «Медиамәдениет және медиақұзіреттілік» сияқты элективті курстар ендірілді. Бұл курстар бүгінгі күні массмедияның қоғамдағы және білім беру саласындағы маңыздылығына мән беруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, еліміздің білім беру жүйесінде медиабілім стратегиясы мен технологияларын пайдалану жайынан ақпарат береді және медиабілімді жүзеге асыруды әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан негіздеуімен ерекшеленеді. Аталған курстардың мазмұны болашақ мамандардың бойында ақпараттық мәдениетті, медиақұзіреттілікті қалыптастыруда бұқаралық ақпарат құралдары-

ның білім берушілік, тәрбиелік, әлеуметтендірушілік, мәдени-ағартушылық функцияларын пайдалана білу әдістемесін меңгеруге бағытталған. Курстарды меңгеру бүгінгі жастардың медиамәдениетін көтеруде, олардың медиасауаттылығын қалыптастыруда өзіндік әсерін тигізеді, сондықтан мұндай курстарды еліміздің басқа да жоғары оқу орындарының оқу үрдісіне ендіру қажет деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қозыбаев С.К. Масс-медиа: Словарь-справочник (Серия «Отечественная журналистика»). – Алматы, 2007. – 701 с.
- 2 Махова Н.В. Формирование нравственной культуры студентов средствами массовой культуры: дис. ...канд. пед.наук: 13.00.01. – М., 2004. – 167 с.
- 3 Сейтешов А.П. Изменение профессиональных и нравственных ценностей молодежи Казахстана // Білім. Образование. – 2005. – №5.
- 4 Момынбаев Б.К. Отаншылдық білім мен тәрбиенің тұғыры болуға тиіс // Егемен Қазақстан. – 2006. – 27 қаңтар.
- 5 Журин А.А. СМИ и школа. – <http://www.media education.ru/publ/jurin.shtml>.

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ТЕХНОЛОГИЯ АКТУАЛИЗАЦИИ ТВОРЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА ЛИЧНОСТИ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ ПРОЦЕССЕ

Уварина Н.В.,

Челябинский государственный педагогический университет, Россия

Annotation. *The article presents developed by the author of pedagogical technology of actualization of the creative potential of personality in the educational process. Pedagogical technology binds together the design, content, procedure and productive side of pedagogical activity; the invariant part of the technology is represented by a sequence of actions: a) definition of pedagogical tasks, b) the choice of method, c) provision of conditions, d) evaluation and correction of results.*

Развитие современного общества в направлении демократизации привело к преобразованиям в сфере образования, что в свою очередь повлияло на изменения в содержании, формах, методах и технологиях обучения и воспитания. Обязательное требование адаптивности системы образования к уровням и особенностям развития и подготовки обучающихся заявлено во многих нормативно-правовых документах. В связи с этим в современных педагогических исследованиях все большее внимание уделяется вопросам соотношения внутреннего саморазвития, самоактуализации, творческой индивидуальности, что впоследствии становится основой для построения технологических процессов.

Нами была разработана и внедрена педагогическая технология актуализации творческого потенциала школьников в образовательном процессе, связывающая воедино проектировочную, содержательную, процессуальную и результативную стороны педагогической деятельности; инвариантная часть технологии представлена последовательностью действий: а) определение педагогической задачи (проектирование индивидуальной творческой траектории учащихся), б) выбор способа (актуализация витагенного опыта школьников, создание «ситуации успеха», организация и использование в процессе обучения различных видов взаимодействия и форм сотрудничества между учителем и учащимися и др.), в) обеспечение условий (внутренних, внешних, информационных), г) оценка и коррекция результатов.

Перед тем как подробно рассмотреть компоненты разработанной технологии, остановимся на некоторых ключевых понятиях исследования:

■ «актуализация творческого потенциала школьников» – деятельность педагога и учащихся, обеспечивающая переход совокупности творческих способностей и психических новообразований школьников из потенциального состояния в актуальное, из состояния воз-